



"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 853 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :
Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 19, 234-құжат; N 33, 439-құжат; 2005 ж., N 27, 329-құжат; N 30, 380-құжат; 2006 ж., N 23, 229-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы "30" деген цифрлардан кейін ", 32" деген цифрлармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес 32-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық 2006 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы " __ " _____
N ___ Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы
Президентінің

2004 жылғы 17 қаңтардағы
N 1284 Жарлығына

32-қосымша

**Ірі салық төлеушілерден түсетін салықтық
түсімдерді тексеруді жүзеге асыратын мамандандырылған
бөлім қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын
(ставкаларын) есептеуге арналған арнайы коэффициенттер**

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарының тізбесіне сәйкес санаты	Арнайы коэффициент мөлшері
С-5	10
С-6	9
С-9	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК